Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

# ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

**№41** (897) Сәрсенбі 9 қазан 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti



## ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен жылу беру маусымының басталуы, мемлекеттік орман қорын ұлғайту жөніндегі шаралар, Үкімет қаулыларының жобалары талқыланған Үкімет отырысы өтті. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл егудегі кешенді жұмыстарға тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы 1 млн. 100 мың гектар жерге бес жыл ішінде сексеуіл егу тапсырмасы жоспарға сәйкес орындалуда. 2021-2023 жылдары 544 мың 200 гектар жерге, осы жылы көктемде 65 мың гектарға сексеуіл көшеттері отырғызылды. Қараша айында 211 мың гектар аумаққа егілмек. Келесі жылы қалған 280 мың гектарға сексеуіл көшеттері мен тұқымын егу жоспарланған. Оның 100 мың гектары облыстың үлесі болса, қалған 180 мың гектары Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне тиесілі.

Облысқа жүктелген 15 млн. көшетті дайындау үшін орман шаруашылығы мекемелерінде 8 уақытша тұқымбақ ұйымдастырылды. Одан бөлек, Дүниежүзілік банктің қаржыландыруымен 441 млн. теңгеге аумағы 33,5 гектар тұқымбақ салынып, пайдалануға берілді. Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы ормандандыру жұмыстарына Европа елдерінен грант тарту үшін Сыртқы істер министрлігінің келісімімен Еуроодаққа мүше мемлекеттер елшілерін өңірге арнайы шақырдық. Мамыр айында Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Юрьевич Василенко бастаған 20 елші келді. Арал өңіріндегі жұмыстармен танысып, қолдау көрсету жөнінде алдын-ала келісім жасалды. Нәтижесінде, Арал өңірінің экожүйесін жақсарту бағытында нидерландық «DGB Group» және қытайлық «BGI Group» компанияларымен бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл егу жоспарға сай атқарылып, белгіленген мерзімде аяқталатын болады. Жұмыстар тұрақты бақылауымда» – деді Н.Нәлібаев.

Орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін соңғы 3 жылда облыстық бюджеттен 1 млрд. 800 млн. теңге қаржы бөлініп, 96 арнайы техника, 49 қажетті құрал-жабдық сатып алынды.

Арал өңіріндегі ормандандыру жұмыстарына отандық компаниялармен қатар, шетелдік ұйымдар да кеңінен тартылуда. Мәселен, американдық «USAID» Халықаралық даму агенттігі «Аралды құтқару қоры» арқылы құрғаған ұлтандағы сексеуіл екпелерін суаруға алғаш рет ұңғымалар қазып, 500 гектар аумаққа «Оазис» демонстрациялық алаңын құрды. Осындай жобаны жүзеге асыруда отандық «Freedom Finance» холдингі басшылығымен де келісімге қол жеткізілді.

## ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ТІКЕЛЕЙ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы «Қорқыт ата әуежайының» терминалына дейінгі автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмысымен танысты.



Мердігер «Қыран» ЖШС «Сырдария» өзені арқылы өтетін көпірден әуежайға дейінгі ұзындығы 13,5 шақырым, ені 14 метрлік жолды бір жылда салып бітіруді жоспарлаған. Төрт қабатты жол жабындысы төселген соң, жарықшамдар мен аялдамалар орнатылуда. Құрылыстың сапалы жүргізіліп, мерзімінде пайдалануға берілуін тапсырған аймақ басшысы бұл жолдың халықаралық стандартқа сай жаңарған әуежайға лайықты болуын басты назарда ұстауды ескертті.

Қызылорда облысы аумағындағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 3580,5 шақырым, оның 1014,5 шақырымы республикалық, 555 шақырымы облыстық, 2011 шақырымы аудандық маңызы бар жолдар. Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 43,3 млрд. теңге бөлініп, 300 шақырымға жуық автомобиль жолдары, көшелер және көпір өткелдері жөндеуден өткізілуде. Өткен жылдың қорытындысымен облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткішінің үлесі 87,5%-ға жеткізілді. Мемлекеттік бағдарламалар аясында облыстағы жол саласын дамытуға республикалық бюджетке 61,1 млрд теңгенің 101 жобасы ұсынылды.

Биылға нақтыланған 51 жобаның 17,3 млрд теңгесі қолдау тауып, индикаторлық көрсеткішті 92 %-ға жеткізу межеленген.

## ҚАЛАДА ОҢ ӨЗГЕРІС КӨП

Қалалық мәслихаттың кезекті XXVII сессиясы өтті. Онда шаһар басшысы Нұржан Ахатов қалада атқарылған жұмыстарды баяндап, алда жүзеге асырылатын жобалармен бөлісті.



«Ел Президентінің, Үкіметтің тұрақты қолдауымен, аймақ басшысының үйлестіруімен тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға негізделген жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Соған сай қалада барлық даму көрсеткіштерінде оң динамика қалыптасты. Атап айтқанда, негізгі капиталға салынған инвестиция 8 айда 167,3 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18,4 пайызға артты. Сол секілді құрылыс жұмыстарының көлемі 57,7 млрд. теңге болып, ол 45 пайызға өсті. Ал, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнімі 4 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 3,2 пайыз болды. Бөлшек сауда да өсім бар, осы кезеңде ол 278,3 млрд. теңгені құраса, бұл 4 пайызға көтерілгенін көрсетті. Алда әлі атқарылар шаруа көп. Оны Өздеріңізбен бірлесе жүзеге асырамыз,» – деді Нұржан Сәбитұлы.

Расында, шаһардың заманауи бейнесінде оң өзгеріс көп. Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй салу құрылыстары, абаттандыру жұмыстары жанданып отыр. Санитарлық тазалық сақтауда жақсы үлгі қалыптасқан. Жиында бюджет және экономикалық даму, ауыл шаруашылығы, жер және экология мәселелері жөнінде тұрақты комиссияның есебі тыңдалды.

Сессияда баяндамашылардың ұсыныстары депутаттар тарапынан қолдау тапты.



## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

елімiздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі»** газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2800 теңге;**

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.**

## 20 МЫҢНАН АСА АЗАМАТ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛАДЫ

Осы күзде Отан алдындағы әскери міндетін өтуге 18 бен 27 жас аралығындағы 20 мыңнан аса жас шақырылады. ҚР Қарулы күштері бас штабы ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаменті бастығының орынбасары Фархат Айдарбековтің мәлімдеуінше, күзде мерзімді әскери қызметке шақыру үшін Қорғаныс істері басқармалары мен бөлімдерінде 10 шілдеден бастап әскерге шақырушыларды зерттеп, зерделеу және іріктеу жұмыстары жүргізілді.

«Жергілікті әскери басқару органының лауазымды адамдары зерделеу барысында әскери шақырушылардың отбасы құрамын, әскери қызмет өткеруге жарамдылық санатын, білімін және мамандығын нақтылайды. Сондай-ақ жеке ісіндегі құжаттарды зерделеп, әскерге шақырушылармен әңгімелеседі. Бұл ретте бүгінгі таңда 18 бен 27 жас аралығындағы әскерге шақырушылар ҚР бойынша 730 мың адамнан тұрады. Соның ішінде 120 мыңы әскерге дайын, ал 120 мыңның ішінен біз 40 мыңын мерзімді әскери қызметке шақырамыз», – деді Ф. Айдарбеков ОКҚ-де өткен брифингіде.

Сондай-ақ, Қорғаныс министрлігінің өкілі, әскери қызметке шақырту алған азаматтар әскери комиссияға келуге міндетті екенін еске салды.

«Шақыру қағазы азаматқа жеке өзі немесе жұмыс орны, оқу орны бойынша ұйым басшысының қолымен немесе СМС-хабарлама арқылы тапсырылады. Азаматқа шақыру қағазын жеке тапсыру мүмкін болмаған жағдайда оның келуін қамтамасыз ету тиісті ішкі істер органдарына жүктеледі. Мерзімді әскери қызметтен бас тартқандар үшін заң бойынша қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік көзделген», - деп толықтырды спикер.



## АНАЛАР КЕҢЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Достық үйінде «Бейбіт Атом: Табиғат. Ана. Бала» атты Қызылорда облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің отырысы өтті.

Оған облыстық Аналар кеңесінің мүшелері, зиялы қауым, этномәдени бірлестіктердің мүшелері, аудандардағы Аналар кеңестерінің мүшелері (zoom платформасы арқылы) және БАҚ өкілдері қатысты. Модератор өңірлік Аналар кеңесінің төрағасы Айгүл Мұсабаева ел тағдырын айқындайтын маңызды кезеңге Сыр халқы белсене қатысып, экологиялық саналы қоғам құру жолындағы маңызды қадам жасағандығын алға тартты.

Жиында «Қоғамдық келісім» КММ директорының міндетін атқарушы PhD философия докторы Дәулет Омаров, «Әкелер одағы» ҚБ облыстағы филиалының төрағасы Ержан Искандер, «Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстағы директоры Шакизат Қаратайұлы, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры Жақсыгүл Тоғанова, облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Қаламқас Каримова ой бөлісіп, пікір алмасты.

Спикерлер референдумның маңызына тоқталып, Атом электр станциясын салу бойынша өткен референдум азаматтарға атом энергетика саласындағы заманауи технологиялар және ғылыми зерттеулермен танысуға, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдерін жан-жақты талдауға, мол мағлұмат алуға мүмкіндік бергендігі туралы айтып өтті. Сондай-ақ, кезекті референдум халық пікірін құрметтеу, мемлекет пен қоғам арасындағы әділ және тұрақты қарым-қатынасты құруға бастама және бұл мұндай ірі жобалардың ұзақ мерзімді табысты болуы үшін ерекше екендігін сөз етті.

Қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, кездесу пікір алмасуға ұласты.

# ҰСТАЗ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Қазанның бірінші жексенбісі еліміз үшін айрықша мереке, қастерлі мейрам. Өйткені балаларымыздың, жарқын болашағымыздың, бір сөзбен айтқанда, тұтас Қазақстанның тағдырына жауапты жандардың еңбегі еленетін күн.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздегі барлық ұстаздар қауымына: Мұғалімнің мәртебесі қашанда бәрінен биік. Ұлы тұлғалардың өзі ұстазының алдында шәкірт болып қала береді. Бір сөзбен айтсақ, барша жетістіктің бастауында ұстаз тұр. Ұлттың болашағы – ұстаздың қолында. Менің мақсатым – ұстазды қоғамымыздың басты кейіпкері ретінде дәріптеу. Себебі, Сіздер бала оқыту арқылы келешектің кірпішін қалайсыздар. Қазақстанның дамыған ел болуына зор үлес қосып жүрсіздер. Сіздердің табанды еңбектеріңіз ерекше құрмет пен жоғары марапатқа лайық» - деген болатын.

Осындай жауапкершілік жүгін көтерген ұстаздар қашаннан ұлт пен ұрпақ үшін қастерлі жандар. Биыл жылдағы дәстүр үзілмей, А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде ұйымдастырылған қызылордалық мұғалімдерді ұлықтау шарасы жоғары деңгейде өтті. Салтанатты жиынға қала әкімі Нұржан Ахатов және облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов арнайы қатысты.

Қызылордалық ұстаздарды төл мерекесімен құттықтаған қала әкімі Нұржан Сәбитұлы елдің болашағы үшін мұғалім мамандығының қаншалықты маңызды рөл атқаратындығын тілге тиек етіп, саладағы жақсы жаңалықтар мен толымды тірліктерге тоқталды.

«Мәселен, Президенттің бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» идеясы білім саласындағы бірегей ұлттық жобаға айналып, облыс орталығынан заманауи үлгідегі 8 мектеп салынып жатыр. Оның 1-еуі шаһардың Сол жағалауында жуырда ғана ел игілігіне табысталды. Сондай-ақ, «ҚазГерМұнай» компаниясының қаржылай қолдауымен Сол жағалаудан 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді. «Білімді қолдау қоры» есебінен физика - математика бағытындағы мектеп - интернатының құрылысы жүргізілуде. Жастарымыздың спортпен шұғылдануына, өнермен, ғылыммен айналысуына мүмкіндік беретін «Инновациялық шығармашылық орталығы», халықаралық стандарттарға сай келетін 10 мың орындық «Орталық стадион», жабық бассейні бар дене шынықтыру кешені, 650 орындық жаңа үлгідегі музыкалық колледждің де құрылысы қарқынды атқарылуда.

Ерекше атап өтеніміз жөн, облыс әкімінің қолдауымен бірқатар білім мекемелерінің жанынан қосымша ғимараттар салынып, үш ауысымдық мектептер мәселесі өз шешімін тапты. Биылдың өзінде қаладағы білім саласына бағытталған қаржы көлемі 72 млрд. теңгеден асты.Осы аталған ауқымды жобалар, игілікті істердің барлығы қаладағы жеті жарым мыңнан астам педагогтың кедергісіз қызмет етуі мен шәкірттердің сапалы білім алу үшін жасалынып жатқан жұмыстардың бір бөлігі ғана. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады,» - деген қала әкімі Нұржан Ахатов барша ұстаздар қауымына толағай табыс тіледі.

Сондай-ақ, ардагер-ұстаздарға Оқу ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі мен «Құрмет» грамотасын, облыс әкімінің «Алғыс» хатын және үздік 10 педагогке 150 мың теңгенің сертификатын табыс етті. Ақ тілек-құттықтаулар ыстық ықыластың барлығы да бұл күні ұстаздар қауымының құрметіне арналды. Оқушылар ән жырдан, биден шашу шашып, мереке сәнін аша түсті. Қазақтың аяулы ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын - ұстаздікі» деген ұлағатты сөзі ешқашан құнын жоймақ емес.



# КОРЕЯЛЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯЛАР КЕЛДІ



Өткен жылы Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Корея Республикасы, Тэджон қаласының мэрі Ли Чан Ву мырза өңірлер арасындағы байланысты өркендету үшін бауырластық қатынастар орнату туралы Меморандумға қол қойған болатын.

Осы Меморандум аясында бүгін қала әкімі Нұржан Ахатов Тэджон қаласы, Юсонгу ауданы әкімі Чон Ен Рэ мырзамен кездесті. Кездесуде Корея Республикасы мен Қызылорда облысы арасындағы жан-жақты байланысты, әр саладағы озық көрсеткіштерді сөз етті. Сондай-ақ, инвестициялық, туризм, ауыл шараушылығы және көгалдандыру бағытындағы даму көрсеткіштері жөнінде атап өтілді. Шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы Меморандумда көзделген бағыттар бойынша белсенді жұмыс жүргізуге дайын екендігін жеткізді.

Айта кету керек, Қызылорда облысы мен Кореяның ең ірі қалаларының бірі және ғылыми-технологиялық астанасы – Тэджон қаласын тарихи байланыстар біріктіреді. 2021 жылдың тамыз айында Кореяның ұлттық батыры Хон Бом Доның сүйегі Қызылордадан осы Тэджон қаласының Ұлттық зиратына әкелініп жерленген болатын. Сондай-ақ, Меморандумда сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық, туризм, білім және ғылым салаларында өзара ынтымақтастықты дамыту көзделген.

# ҚАУІПСІЗДІК НАЗАРДА БОЛУЫ КЕРЕК

Автокөліктерге арналған газ құю бекеттерінде тұрмыстық газ баллондарға газ құюға тыйым салынады. Сондай-ақ, көпқабатты тұрғын үй-жайларда тұрмыстық газ баллондарын сақтауға және пайдалануға жол берілмейді. Қызылорда қаласы төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары Ғабит Бабаев бүгінгі брифингте қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат берді.

«Ең алдымен, газ құю бекеттері қауіпсіздік шарасын қатаң сақтауы қажет. Өйткені газ қондырғыларын дұрыс пайдаланбау төтенше жағдайдың орын алуына әкеледі. Бұл ретте, тұрмыстық газ баллондарына рұқсаты бар газ толтыру бекеттері мен станцияларында газ құюға және газ толтыруға болады», - деді Ғабит Әбдінәбиұлы.

Бүгінде қалалық төтенше жағдайлар басқармасы тарапынан тұрғын үй секторында өрттің болуына жол бермеу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Қала тұрғындарын төтенше жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында өрт қауіпсіздігі шараларын қатаң сақтауға шақырамыз. Төтенше жағдайға әкеп соғуы мүмкін кез келген күдік туындаса, 101, 104 немесе 112 шұғыл қызметтердің телефондары арқылы хабарлау қажет.

# БАС ЖОСПАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамұратовтың төрағалығымен бас жоспарды жаңадан әзірлеу жобасы бойынша жиын өтті.



Жиынға басқарма басшылары, кент, ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары, жобалаушы мекеменің өкілдері қатысты. 2025 жылы Бас жоспардың қолдану мерзімі аяқталуына байланысты биыл Қызылорда қаласының бас жоспарын жаңадан әзірлеу үшін ашық конкурс жарияланып, нәтижесімен Алматы қаласының «Казгипроград» 1 жобалау институты ЖШС-і жеңімпаз атанды.

Жиында «Казгипроград» 1 жобалаушы мекеменің директоры Ілияс Темірбаев республика бойынша көптеген компаниялардың оң пікірлерін, осы саладағы бай тәжірибесін атап өтіп, қазіргі таңда жоба бойынша бастапқы ақпаратты жинау және қолда бар материалдарды нақтылау жұмыстарын жүргізіп жатқанын жетізді.

Қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Сыражадинұлы бас жоспарға өзгерістер енгізу барысында ирригациялық жүйелер мен инфрақұрылыммен қамту, тұрғын үй құрылысы мәселелеріне айрықша ден қойып, қаланың дамуына қатысты барлық есептеулер мен талдаулар мұқият назарға алыну керектігін ескертті. Сондай-ақ, осы жұмыстарды сапалы орындау мақсатында кент, ауыл әкімдеріне, бөлім басшыларына, коммуналдық мекемелерге бастапқы ақпаратты ұсыну жөнінде тиісті тапсырмалар берді.

# ЭКОТАКСИ ҚЫЗМЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Экотаксилер электр қуатымен жұмыс істейді. Толық зарядтау шамамен 500 шақырымға жетеді. Қазіргі таңда 52 экотакси азаматтарға өз қызметін көрсетуде. Жобаның басты мақсаты – «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында санитарлық тазалық жұмыстарымен қатар, экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жаңаша жобаларды жүзеге асыру.

– «Қазіргі таңда қала тұрғындарына 52 экотакси қызмет көрсетуде. Алдағы уақытта олардың саны 100-ге жетеді. Бұл экологиялық таза, үнемді және қоршаған ортаға кері әсерін тигізбейтін жайлы көлік. Бұл қала экологиясына оң әсерін тигізері сөзсіз», – дейді Қызылорда автобус паркінің директоры Абдуқадыр Маштаев.

Жергілікті әкімдік аумақтарды абаттандыру мен тазалау жұмыстарын үздіксіз жүргізетін коммуналдық шаруашылықтың материалдық-техникалық базасын жақсарту шараларын да қолға алған. Атап айтқанда коммуналдық саланың материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында «Қызылорда тазалығы», «Қызылорда су жүйесі», «Жасыл Қызылорда» мекемесіне 52 бірлік арнайы техника берілді. Сондай-ақ, біздің аймақтың тың жобасы «Үлгілі елді мекен» байқауының жеңімпаздары деп танылған елді мекендерге 48 көлік берілді.

Айта кету керек, облыста «Таза Қазақстан» экологиялық шарасы басталғалы оған 548 299-дан астам облыс тұрғыны қатысты. 21360 тоннадан астам қоқыс шығарылып, 505 алаң мен саябақтар, 225 тарихи ескерткіштер аумақтары, 791 әлеуметтік нысан, 1130 өндірістік және кәсіпкерлік нысан, 294 су айдындары, 47451 аулалар мен көшелер тазартылды. 548-ге жуық арнайы техника қолданылып, 129 358 ағаш көшеттері отырғызылды.






# ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН БҰЗУДА

Қызылорда көлік прокуратурасымен 2024 жылдың тамыз айында облыс бойынша көліктік бақылау инспекциясы (әрі – Инспекция) қызметінде заңдылықтың сақталуына жүргізілген талдау нәтижесінде өрескел заң бұзушылықтар анықталып, прокурорлық қадағалау актісі енгізілді.

Атап айтқанда, Қызылорда – Жезқазған бағытындағы республикалық маңызы бар тас жолда Инспекциямен «Мұхтар» жеке кәсіпкері ауыр жүк көліктерімен (SHACMAN, HOVO) құрылыс заттарын рұқсат етілген салмақтық параметрлерден асыра тасымалдаған 69 дерегі анықталып, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (әрі-Кодекс) 571-бабының 6-бөлігі және осы баптың 2-1 бөлігімен барлығы 5,8 млн теңге әкімшілік айыппұл салынды.

Сонымен қатар, «Мұхтар» жеке кәсіпкерімен тасымалданған автокөлік құралдарының іс жүзінде жүріп өткен жолына 461 мың теңге алым соммасы бюджетке төленуі қамтамасыз етілді.

Сондай ақ, жүкті қабылдаушы «STECOL CORPORATION» ЖШС-гі тасымалдаушы«Мұхтар» жеке кәсіпкерінен келіп түсетін жүктің массасын анықтауға мүмкіндік беретін жабдықтармен қамтамасыз етпеген үшін (таразы, құжаттардың сақталуы)Кодекстің 571-1 бабының 1 бөлігі және 571 бабының 2-1 бөлігімен әкімшілік жауапкершілігі қаралып 92300 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

# ШЕКСІЗ ӘЛЕМ – ШЕКТЕУСІЗ МҮМКІНДІК



Қала күні мерекесі аясында «Шексіз әлем – шектеусіз мүмкіндік» атты зағип және нашар көретін жандар арасындағы республикалық өнер байқауы басталды. Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен көзі көрмесе де көкірегі ояу, талабы бөлек таланты 10 топ қатысуда.

Естеріңізде болса, бұл дәстүрлі дода былтыр Атырау қаласында өтіп, онда байқаудың бас жүлдесін қызылордалықтар жеңіп алған еді. Биылғы сайыс сыны тағы бір топтың бағын ашпақ. Өрісті өнер тойында қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев шараның шымылдығын ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Қоғамда ерекше қажеттілігі бар жандардың құқығы мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету міндеті кез келген мемлекеттің маңызды мәселесі. Бұл тұрғыда ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан, қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету – басты міндеттердің бірі» деген болатын.

Бүгінде Қызылорда қаласы бойынша ерекше қажеттілігі бар жандар саны – 11 728 адам болса, оның ішінде көз жанарының мүгедектігі бар адамдар саны – 1459. Олардың үшеуі тұрақты жұмыс істесе, 47-сі қоғамдық жұмысқа тартылған.

Тағдыр салған іске мойымай, қажырлы еңбегімен, өр рухымен қаланың мәдени-рухани тынысына дем беріп, өз кәсібін дөңгелентіп, ел экономикасына теңізге тамған тамшыдай үлес қосып жүрген азаматтарға алғысым шексіз, – деді Дархан Есалыұлы.

Түрлі байқауларда топ жарып жүрген жүлделі жүйріктер бүгінгі командалық сайыста көркемсөз оқу, ән салу және дәстүрлі ән орындау жанрлары бойынша өнер көрсетіп, өзара жеңімпазды анықтайтын болады. Байқау ережесіне сәйкес, Сыр өңірінен шыққан белгілі қаламгерлер мен өнер иелерінің шығармалары орындалады. Айта кету керек, 15 қазанда Халықаралық «Ақ таяқ» күні аталып өтіледі. Бұл байқау қос мерекенің маңызын арттыра түспек.

# СЫР СҮЛЕЙЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Қазақ халқының тарихында зерттеуді қажет ететін ғылыми мәселелердің ауқымы өте көп. Қашанда қазақ жерінде дарын мен даналар, данагөй қариялар өте көп болған. Сыр сүлейлері сол дарын иелерінің ажырамас бір бөлігі болып қала бермек.

Сыр сүлейлерінің өмірі, тарихи кезеңдердің ең бір шиленіскен уақыты патшалық Ресейдің отарлау саясатының өршіп тұрған кезеңіне тура келді. Кеңестер өкіметінің қылышынан қан төгіліп жатқан заманмен жалғасты. Сондай жағдайда да ақын-жырауларымыздың рухтары биік болып, салдары суға кеткен жоқ. Олар өз шығармашылықтарымен қатар, қазақ ұлтының да жойылып кетпеуі үшін күресті. Өз өлеңдері мен толғаулары, дастандарында отанға деген сүйіспеншіліктің биік үлгісін жасағанын білеміз. Мысалы, Т.Ізтілеуұлының «Қамын ойла халқыңның» өлеңіндегі:

Қайратты туған ер болсаң,
Қамын ойла халқыңның!
Жетім менен жесірге
Өзі бол жүзі жарқынның - деп келетін шумақта күш-қайраттың барлығын халқың, отаның, елің мен жерің үшін жаса деген ұранды өлеңдерімен береді. Бұл жердегі «Өзі бол жүзі жарқынның» дегені қазақта «Жүзі жылыдан түңілме», «Иманжүзді екен» деген тіркестерге балап келіп:

Жатырмын айтып жақсы үгіт,
Тазасындай алтынның.
Өле қойсам, айтыңдар,
Жұрт жиналған жер болса
«Сөзі, деп,- Тұрекең марқұмның!» деп исламдағы иманның бесінші, алтыншы шарттарын меңзеп қойып, өлеңнің соңын жеңіл қалжыңмен аяқтаған болып өзінің шебер импровизаторлық қасиетін де байқатады. Осы мазмұндас өлеңдерінің қатарына: «Қайрама халыққа тісіңді», «Адамдық іс», «Адам» шығармаларын да жатқызуға болады.

Әрбір ақынның, сүлейдің халық тарихындағы қалатын еңбегінің өлшемі – оның азаматтық, отаншылдық көзқарасының тиянақтылығы. Халқын шын жан-тәнімен сүйген ақындардың есімдері туындыларымен бірге мәңгілік өмір суретіні, олардың ұлттық мақтанышқа айналатыны да осындай азаматтық көзқарас шынайылығымен айқындалады.

Сыр сүлейі Қарасақал Ерімбеттің де өлең жолдарынан осындай отанға, елге деген сүйіспеншілігін байқаймыз. «Қарасаң, жаман адам бұл жұртта жоқ» өлеңіндегі:

Істеген озбырлығын қылар мақтан.
Ер болсаң елің үшін қызмет қыл,
Адам аз озбырлықтан пайда тапқан.
Жар достың жарамайды көңілін жыққан.
Азғырған ләпіс шайтан тіліне еріп,
Ойламай әркім қастық тұзын татқан.
Ерімбет Көлдейбекұлының жоғарыда келтірілгеннен де бөлек көптеген діни танымдық-философиялық шығармалары мен арнау толғаулары, қисса дастандары әлі күнге халық ауызында айтылып келеді.

Ерімбет Көлдейбекұлының нақыл өлеңінің арқауындағы ең басты мәселе – адамның жақсы және жаман қасиеттерін салыстыра жырлау. Дәстүрлі өрнектердің нақыл өлеңдеріндегі қолданысында ақын қоршаған ортадағы, табиғаттағы тіршілік иелерінің – бәрінің де мінез-құлық ерекшеліктеріне орай баламалап жырлауды қолданады. Мысалы, «Әр жерде-ақ үлгілі сөз айтсам-дағы» нақыл өлеңіндегі салыстырмалы баламалардың философиялық, тәлім-тәрбиелік ғибраты мол:

Жарқанат, жарда жатар басын бағып,
Бас қаққан алар жақсы ат жұртқа жағып.
Сараңның қанша ішкенмен қарны тоймас,
Оттатпайды мал сорлысын шайтан қағып.
Әр жерде-ақ үлгілі сөз айтам-дағы,
Ақымақтың құлағынан кетеді ағып!

Өлеңнің идеялық астарында адамдардың алуан мінездері ишарат, мегзеу тілмен бейнелене отырып, адамдардың өздеріне таныс табиғат, тұрмыс суреттері мінез психологиясының сырларын ашу үшін тиімділікпен қолданылады. Бұл – Ерімбет ақындығына тән суреткерлік қырлардың бір көрінісі ғана.

Өз заманында үлкен насихатшыл-мінәжатшыл өлеңдердің қас шебері болғанын шайырдың замандастары ақынның шебер әрі бұрқасындатып көсіле жырлайтынының тағы бір көрінісін Сыр сүлейлерінің бірі, әрі бірегейі Т.Ізтілеуұлының еңбектерінен де байқаймыз.

Қарасақал Ерімбет –
Құтқармас құсты бедеудей.
Шабысына шаң ермес,
Ат шаптырған бүлкілі!

Қаншама рет жазба айтыстарында өзінің қарсыласы болған адамды дәл мынадай теңеулермен ұштастыру екінің бірінде бола бермейтін жағдай. Бұл жердегі Тұрмағанбеттің көрегендігі және Ерімбет шайырдың асқан шеберлігіне берген кәсіпқой ақынның әділ бағасы деп айтуымызға болады.

Сыр өңіріндегі шайырларымыздың барлығына ортақ қасиеттері бар. Ол ақындықты, жыраулықты,жыршылықпен қатар ұштастырып алып жүреді. Шораяқтың Омары да негізінен сол Сыр сүлейлерінің ортасында ақындық жолға түсіп, солар өткен сөз өнері мектебінен өтті. Ол ақындық өнерімен ел көзіне ерте түседі. «Жүрмісің сау-саламат Омар жезде, жасыңнан дүр атанып түстің көзге?» деп, кейінгі айтыстарда балдызы Нұрмақан ақынның өлеңге қосуы оны толық растайды.

Омар ақынның артына қалдырған шығармаларының тақырыптық ауқымы өте кең. Оның ғибрат айту бағытындағы өлеңдер, көңіл-күй лирикасы, дастан, жұмбақ, терме, толғау, мысал, айтыс деп бірнеше жанрға бөлуге болады.

Мысалы, Ш.Омарұлының «Қойшы мен ұры» мысал өлеңінде ендігі жаңа өмірде де пәлендей баттана қоймаған көңіл-күйін білдіреді:

Халықты қараулар бар жүрген қанап,
Құрал ғып жоқтан барды құрастырып,
Алады қолдан заңды өзі қалап.
Ерекше ел ішінде етек алып,
Сүзектей бір-біріне жатыр тарап.
Ақынның «Қара шекпен» атты мысал дастанында да үлкен астар жатыр. Сол кезеңдегі жаңа құрылысқа ақын өзінше барлап қарайды, келешекке деген сенімсіздік көңіл-күйі анық байқалады:

Сөйлеуге табылмайды сөздің ізі,
Шықпайды кембағалдың шын қырмызы.
Бұл күнде мәдениет жолын біліп,
Қазақтың дана болды ұл мен қызы.

Бұл өлең жолдарындағы «мәдениет жолы», «дана ұл мен қыз» деген тіркестерге ақынның жаңа бағытты қаламағандығының белгісі, әкеге баланың ақыл айта бастаған өрескел мінез-құлықтың өріс ала бастағанын ұнатпағаны. Бұндай өлеңдер Ш.Омарында өте көп кездеседі. Біз соның бір парасына ғана тоқталдық. Аталған Сыр сүлейлерінің барлығы терең мазмұнды, тұжырымы жоғары философиялық идеяларымен, өлең сөздерінің мазмұны өте ұғымды болып келетін шығармаларымен танымал болған.

Өңіріміздің белгілі қаламгері Әбжан Айсауытовтың айтуынша «қазіргі айтылып, ептеп болса да шығармалары жарық көріп жатқан Сыр сүлейлері жазғандарының түп нұсқасы жоғалды, құрыды. Қолымызда бары жыраулардың жадында сақтап қалғаны, оны қағаз бетіне түсірген Ә.Қайнарбаев, Қ.Қуанбаев, Қ.Нұрмаханов сынды жанашырлардың көшірмесі. Әрине әркім айтқандықтан, не көшіргендіктен түп нұсқаның жұлмалануы, өзгеруі заңды болмақ. Кеңестік дәуірдің соңғы кезеңінде Сыр сүлейлерінің есімдері анықталып, бірсыпыра мұралары жинақталды». Ә.Айсауытовтың атап көрсеткен кеңестік саясат тарапынан болған қысымдардың және бірін М.Қаржауов өзінің «Ана тілі» газетіне берген мақаласында былай деп келтіреді «Омар – тек Сыр бойы емес, сол кездегі қазақ ақындарын әркез бағдарлап, жақсы білген шайыр. Оның өзінен төрт-бес жас кіші Тұрмағанбетке айтқан нақыл сөзіндегі:

Ахмет Байтұрсынов, Мағжандарша,
Жорналға сөз беруге енді белсен.
Сөзіңді олармен салыстырып,
Тарихын тәрбиелі ақын көрсең, - деген жолдары кезінде «Шайыр» жинағындағы өлең текстінен алынып тасталған» – деп сол кездегі шығыстық сарынға еліктеп көптеген туындыларды дүниеге әкелген қазақ ақындарының еңбектеріне қасақана жасалған қиянаттарды көріп қынжылғанын байқаймыз. Омар Шораяқтың бізге белгілі он бір дастаны, жетпістен астам өлең-жырлары бар. Бұлардың ішінде «Бес ғасыр жырлайды», «Айтыс», «Шайыр» таңдамалы шығармаларында бар болғаны 20 шақты өлең, екі–дастаны жарық көрген. Аз да болса Омар еңбектерінде діни, имани мәселелерді ашып ислами терминдерді жиі қолданып отырды. Оның ойлы жырларының ішіндегі «Ұстазым» атты өлеңін алып қарасақ, Есенжол деген шайырдың артынан еріп үлгі алуды меңзейді.

Мәлікүл –Мәуіт періште –
Пенденің келсе оңынан,
Гүрзі алып келсе қолына –
Мүңкір-Нәңкүр солынан;
Армансыз болып өтер ем,
Есенжолдай шайырдың-
Үлгі алып, ерсем соңынан!

Адамның о дүниелік болғаннан кейінгі күйі суреттеледі және иманды, әділ, шыншыл адамдардың соңынан жүруді Алланы мақұл көретінін, дініміздің заңдылығымен жоғары мақұлданатынын меңзеп айтса керек. Осылай мәнді де маңызды өмір сүргенде адам өлім келсе де өкініп қалмайтынын жеткізеді. Сыр сүлейлерінің ортақ бір темірқазығы ислам еді. Тек сол қазыққа байланған жіптері, яғни ұстаздары ғана басқа еді.

Қорыта айтқанда, Сыр сүлейлері шығармаларында ұлттық дүниетанымның көрініс табуы заңды құбылыс. Кез-келген ақын өз өмір сүрген ортасы, әдет-ғұрпы, салт-санасынан алшақ кете алмайды. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық құндылықтарды дәріптеу де – сүлейлердің басты парызы. Сүлейлер салған сара жолды әрі қарай жалғастыру – келешек жастардың парызы деп санаймын.

# ТҰРАННЫҢ АЛТЫН ЖАУҺАРЛАРЫ

Биыл Қызылорда облысының мәдениеті елеулі жаңалықтарға толы болды. Соның ішіндегі ең ерекше әрі маңыздысы – «Түгіскен көсемі» мен «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциялары. Бұл екі бірегей тарихи тұлға біздің бай мәдени мұрамызды тереңірек тануға жол ашып, ежелгі дәуірдің құпияларын қайта жаңғыртқандай. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен облыстық тарихи-өлкетану музейінде көшпелі брифинг өтті.





– Бұл Сыр тарихында ең алғаш жасалынып жатқан құнды дүние, асыл қазыналарымыз. «Түгіскен көсемі» мен «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциялары біздің терең тамырымыз бен ата-бабаларымыздың өмірін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. «Түгіскен көсемі» реконструкциясы Сырдың төменгі ағысында орналасқан тарихи маңызы бар археологиялық кешендердің бірі. Ол Оңтүстік Түгіскен ескерткішіне XX ғасырдың 60 жылдары Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының нәтижесінде табылған. Ал, «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциясы қоғамдағы әйелдердің мәртебесі мен сол кездегі мәдениеттің биік деңгейін айшықтайтын көрнекті бейне. XX ғасырдың II жартысында Қызылорда облысында орналасқан Жетіасар мәдениетіне Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы жүргізген қазба барысында табылған, – деді облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев.

«Түгіскен көсемі» мен «Жетіасар ақсүйек әйелін» қайта жаңғыртқан Ринат Кутдусов пен Әзілхан Тәжекеевтер жұмыс барасында қолданылған ғылыми деректері мен әдістері туралы сөз қозғады.

– Жетіасар мәдениетінің қазба барысында табылған әйел адамның жәдігерлеріне байланысты антропологиялық материалдарына сүйене отырып қайта қалпына келтіру жұмыстарын жасадық. Оның басты ерекшелігі - ондағы киімдердің барлығы қазба барысында табылған жәдігерлердің негізінде жасалған. Олардың костюмінің үлгісі, оны тігу әдісі бүгінгі заманға дейін де сәнін жоғалтпаған. Қазба барысында екі алқадан бөлек, әйел адамның жеке сөмкесінен гигиеналық заттары да табылды. Бұл шамамен біздің заманымыздың II-IV ғасырларымен мерзімделген 27-30 жас аралығындағы әйел адамы,- деді Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының директоы, тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжекеев.

# ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР ДӘРІПТЕЛГЕН КҮН

Арал аудандық мәдениет орталығының ұйымдастыруымен жыраулар күніне орай «Моншақ жыр, мөлдір өлең, сал домбыра!» атты жыр кеші өтті.

«Жыраулық өнер – киелі өнер» дейді дана халқымыз. Қай халықтың болсын өсіп-өркендеуі оның келешегі мен ұлттық тұрғыда дамуы үшін мәдениеттің атқарар рөлі зор. Ерте заманның екпінді естеліктерінен бастау алып, ғасырлар қойнауынан уақыт тезіне жеткен ұлттық мұраның бірі – жыршылық өнер десек, оны дәріптеу бүгінгі ұрпақтың басты мұраты.

Көпке ерекше көңіл-күй сыйлаған жыр кеші күйші-композитор, Арал ауданының құрметті азаматы М.Сыдықовтың «Жырау жігіт» әнімен шымылдық түрді. Мұнан соң ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісінің иегері, республикаға белгілі жырау, айтыскер ақын Айдос Рахметов жыр кешінде өзінің арнау өлеңін ұсынды.

Рухани кешке жиылған қауым дәстүрлі өнердің жанашырлары жыршы-жыраулардың есіміне қанық болды. Олардың қатарында Айдынды Аралдың төл перзенті, ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, белгілі жырау Демеубай Жолымбетов, ҚР Мәдениет саласының үздігі төсбелгісінің иегері, Құрмет орденінің иегері, жыршы Шолпан Бимбетова, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, жырау Айбек Тәңірбергенов, Дәрікұл жыраудың немересі, жыршы Ғанибек Өмірзақов, жырау Рысбек Әшімовтің шәкірті, республикалық байқаулардың жүлдегері, жыршы-термеші Серікқали Жұбаниязов, республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы, жыршы-термеші Гүлжамал Бейсова, республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы, жыршы-термеші Айнұр Сүйеуова және «Жақсан жырау» үйірмесінің жетекшісі, жыршы-термеші Асқар Жоламанов сынды жампоз өнердің жүйріктері бар.

Сондай-ақ жыр кешінде Сыр өңіріне белгілі жыршы Нұрмағанбет Қосжанұлының өмір жолы туралы қысқаша мәлімет айтылып, оның «Сартай батыр» дастаны бір топ жыршылардың орындауымен көпшілік назарына ұсынылды. Кеш барысында «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, халықаралық, республикалық байқаулардың жүлдегері, жыршы Күнсұлу Түрікпен де сахна төрінен табылып, жұртшылықтың құрметіне бөленді. Дәстүрлі өнердің тарихынан сыр шертіп, өткеніне өнегелі тағылым беретін арда өнерді ұлықтаған жыр сүйер қауым бұл кеште рухани демалып, моншақ жырлармен сусындады.

# АУДАНДЫҚ ТУРНИРДЕ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

Қармақшы аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысының ардагері Жайылғанов Төлек Жайылғанұлын еске алуға ересектер арасында волейболдан аудандық турнирде А.Жанпейісов атындағы №105 мектеп-лицейінің командасы 2-орын иеленді. Сонымен бірге №105 мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сағындықов Еркін «Үздік үйлестіруші» номинациясымен марапатталды. Жеңімпаз командаларға ұрпақтары атынан бағалы сыйлықтар мен қаржылай сертификаттар табысталды. Жеңімпаз командаларды жетістіктерімен құттықтаймыз!

# БОЗТОРҒАЙДЫҢ БАС ЖҮЛДЕСІН ИЕЛЕНДІ

Аудан мәдениетін дамытуға барынша үлес қосып, талай облыстық, республикалық байқауларда топ жарып, биік белестен көрініп жүрген талантты да дарынды жастарымыз аз емес. Жастайынан жырға құлақ құрышын қандырып өскен жеткіншектер бүгінде жетістік төрінен көрінуде. Сөзіміздің тағы бір дәлелі – 3 күн бұрын халықаралық байқаудың бас жүлдесінің бұйыруы. Нақтырақ тоқталсақ.

26-27 қыркүйек күндері Алматы қаласында халықаралық «Бозторғай» балалар шығармашылық байқауы өтken-ді. Сол додада біздің балдырған түркітілдес халықтар арасында өнерін ортаға салуға келген 100-ге тарта өреннің ортасынан оқ бойы оза шапты. Дарындылар ішінен дараланған өнерпаздың есімі – Мәди. Ол Алдашбай ахун ауылындағы №111 орта мектептің 7-сыныбында тәлім алады. К.Рүстембеков атындағы Жыраулар үйінің Алдашбай ахун ауылында орналасқан «Ешнияз сал» үйірмесінің шәкірті. Үйірме жетекшісі – жас та болса біршама белесті бағындырып жүрген жырау Әлішер Мырзағалиев. Шәкірттің әрбір жеңісі ұстаз еңбегінің жемісі емес пе? Оқушысы жайлы жетекшіден пікір алдық.

– Биыл 7-сыныпқа аяқ басқан Мәди Елдес – менің талантты, ерекше дарыны бар мықты шәкірттерімнің бірі. «Ешнияз сал» үйірмесінде білім алатын ол көптеген байқауда топ жарып, аудан намысын қорғап келеді. Бүгінде шәкіртімнің жарқын жетістіктерін зор мақтанышпен айтамын. Біздің бағыт – халықтық орындау. Байқаудың алғашқы кезеңінде Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Тәлім» термесін орындаса, II кезеңде Дүр Оңғар Дырқайұлының «Ерлерім сөйле дегесін» термесін көпшілік назарына ұсындық. Нәтижесінде халықаралық «Бозторғай» байқауында бас жүлде иегері атанды. Өзінің бойындағы ерекше талантымен талайды тамсандырған шәкіртім Бакудегі байқауда еліміздің абыройын асқақтатып, жүлделі орынды алған едік. Мәди болашағынан зор үміт күттіретін жас өнерпаз. Талантты өнерпаздың болашақта биік белес пен шыңдардан көрінуіне зор сенім мен үміт артамын, – дейді жетекшісі Әлішер Мырзағалиев.

Аудан өнерін алға жетелеп, талай талантты жастың шығармашылығын шыңдап жүрген білікті маманның еңбегі әркез бағалы. Жаңашылдықтың үлгісін көрсетіп, қазақтың киелі домбырасы мен жыр өнерін дәріптеп жүрген жас талант иесі мен шәкіртінің жеңісі бүгінде көпке үлгі. Өнерлі жас – еңселі ел ертеңі екені айтпаса да түсінікті.

**2024 жылғы IV тоқсанда Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі**

| № | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты) | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты | Қабылдау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Тоқтаров Аділ Тоқтарұлы | Ауылдық округ әкімі | Сейсенбі, жұма күндері сағ: 15:00-17:00 аралығы | Апта сайын |

# БУЫН АУРУЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕМДЕУ ЖОЛДАРЫ



Буындар адам қаңқасын бір жүйеге біріктіреді және сүйектерді қорғап, қозғалыс кезінде амортизатор іспеттес қызмет атқарады. Адамның қимыл-қозғалысында маңызды рөл атқаратын буындардың да зақымдалып, күнделікті тіршілікті күрделендіретін жағдай жиі кездеседі. Сондықтан буын аурулары және оларды емдеу жолдары туралы білу артық етпейді.

Буын – қаңқаның екі немесе одан да көп сүйектерінің қосылуы. Түсінікті тілмен айтқанда, буын – бұл көлемі, сипаты және еркіндік дәрежесі бойынша әр түрлі қозғалыстар жүзеге асырылатын «үйкеліс түйіні». Кейбір буындар қозғалмайды. Мысалы, құйымшақ пен жамбас сүйектері арасындағы буындар қозғалыссыз тұрады. Басқа буындар иық сияқты үлкен және күрделі қозғалыс ауқымын қамтамасыз етеді.

**Адам буындары қай жерде орналасқан?**

Буындар бүкіл адам денесін қамтып тұр. Олар бас сүйегі, аяқ-қол, омыртқаның сүйектерін бір-бірімен байланыстырады. Бір ғана саусақтарда 20 буын бар болса, бүкіл денедегі буын саны 360-тан асады.Адам ағзасындағы ең үлкен буын тізе буыны болып табылады және атауы айтып тұрғандай ол тізеде орналасқан. Ең кішкентай буын құлақта орналасқан. Ол ұсақ сүйектерді, атап айтқанда, «балғашық», «үзеңгі» және «төстікті» біріктіреді.

**Адам буындарының құрылысы**

Әрбір буынның түзілуіне қатысатын буын беттері болады. Буын беттерін коллаген, су және протеогликандардан тұратын тығыз, иілгіш және созылмалы гиалинді шеміршек жауып тұрады. Ол буындарды қорғайды, олардың арасындағы үйкелісті азайтады және амортизатор ретінде қызмет етеді. Буындарда буын капсуласын құрайтын жабын – синовиальды тін де болады. Ол шеміршектің шетіне бекітіліп, буындарды жарылу және механикалық зақымдану секілді сыртқы әсерлерден қорғайтын тұйық буынды қуыс (буын беттері және капсуламен шектелген саңылау тәрізді кеңістік) түзеді.

**Буын қызметтері**

Буындар тірек және қозғалтқыш қызметінде маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, олар жекелеген сүйектердің орын ауыстыруына, дененің қозғалысына және оның кеңістіктегі күйін сақтауға қатысады.

**Қандай буын аурулары бар?**

Буын ауруларының көбін шартты екі топқа бөлуге болады: қабыну (артрит) және дегенеративті (артроз). Біріншісі жиі жағдайда иммундық жүйенің бұзылуына байланысты туындайды, екіншісі тозуға байланысты қалыптасады. Буындарға тән ең көп таралған атроз ауруына тоқталып өтейік:

**Артроз**

Артроз буындардың дегенеративті-дистрофиялық ауруы болып табылады. Артроздың негізгі екі түрі бар: бастапқы (идиопатикалық) және қайталама. Бірінші жағдайда аурудың тікелей себебін анықтау мүмкін емес. Екіншісінде ол әр түрлі факторлар мен аурулардың салдары ретінде қалыптасады. Сонымен тұқым қуалаушылық, жарақат, созылмалы буын аурулары, жүйелі метаболикалық аурулар артроздың себебі болуы мүмкін. Сондай-ақ буындарға ұзақ уақыт шамадан тыс жүктеме түсуі, артық салмақ ауру туындау қаупін арттырады.

**Артроз белгілері:**

-буындағы ауырсыну;

-қозғалыстардың шектелуі, таңертең 30 минутқа дейін қозғалыстағы кідірістер;

-буындағы үйкеліс сезімі;

-буындағы деформация.

-Буындарды қалай емдейді

Буын аурулары кезінде әр түрлі емдеу әдістері қолданылады. Ол өмір сүру салтын өзгерту, дәрі-дәрмек терапиясы және ота жасауды қамтиды.

**Өмір сүру салтын өзгерту**

Буындарды емдеу бойынша ұсыныстар әрқашан өмір сүру салтын өзгертуден басталады. Дәрігерлер артық салмаққа үнемі назар аударады. Майлы тіндердің шамадан тыс болуы денеде, соның ішінде буындарда қабынудың жоғары деңгейіне ықпал етеді. Бұл сонымен қатар аяқтардағы буындарға қосымша жүктеме болады. Темекі шегуден бас тарту маңызды. Өйткені бұл теріс әдет буынның дегенеративті және қабыну ауруларының туындауындағы дәлелденген факторы болып табылады. Аяқ буындарындағы ауырсыну кезінде табанның ортопедиялық түзетуіне ерекше назар аударылады. Буындарға түсетін жүктемені азайту үшін арнайы төсеніштер, саусақаралық корректорлар, ыңғайлы аяқ киім қолданылады.

Физикалық жүктеменің дұрыс болуы өте маңызды. Буындар үшін қозғалыс пайдалы, бірақ қосымша жарақат алмас үшін қозғалыс шамадан тыс болмауы керек. Жеке оңалту кешенін таңдау үшін емдік дене тәрбиесі дәрігеріне жүгінген дұрыс. Аяқтағы зақымдалған буын жүктемесін уақытша жеңілдету үшін таяқ немесе балдақ қолдануға болады.

Үй жағдайында буындарды қалай сау сақтауға болады

Буындарды сау ұстауға өмектесетін бірнеше қарапайым, бірақ тиімді әдіс бар.

Қалыпты салмақты сақтау. Жоғарыда айтылғандай, артық салмақ буындарға жүктемені арттырады да, бұл буындардың зақымдалуына әкелуі мүмкін. Артық салмақ денедегі қабыну процестерін қоздырады және бұл буындарға кері әсер етуі мүмкін.

Дұрыс тамақтану. Белгілі бір минералдар мен витаминдердің жетіспеушілігі немесе артық болуы сүйек пен буын ауруларының қаупін арттырады. Ағзадағы D витамині мен кальцийдің қалыпты деңгейін сақтау өте маңызды.

Ыңғайлы аяқ киім кию. Аяқты қысатын аяқ киім, қатты табан, тым биік және тұрақсыз өкше буындардың шамадан тыс жүктелуіне және олардың бұзылуына әкелуі мүмкін. Орташа физикалық жүктемелер орындау. Бұлшықеттерді күшейту, икемділік пен тепе-теңдік жаттығуларын орындау өте маңызды. Алайда шамадан тыс дене жүктемесі буындарға теріс әсер етуі, яғни жарақатқа, зақымдалуына және біртіндеп бұзылуына әкелуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

Темекіден бас тарту. Бұл теріс әдет ағзаның кальцийді тиімді сіңіруіне жол бермейді де, бұл кейінірек буындардың бұзылуына әкелуі мүмкін.

**А.АБЫЛАЕВА,**
**терапевт,**
**Интертич клиникасы**



# ЖЕДЕЛ ЖӘНЕ СОЗЫЛМАЛЫ БРОНХИТ. НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

**Бронхит дегеніміз не?**

Бронхит-бұл өкпеге ауа жіберетін бронхтардың қабынып, ісінетін ауруы. Бұл жөтелге және қақырықтың көп бөлінуіне әкеледі. Бронхиттің екі түрі бар:

• Жедел бронхит. Симптомдар бірнеше аптаға созылады, бірақ әдетте осы уақыттан кейін басылады.

• Созылмалы бронхит. Бұл неғұрлым ауыр өтеді, өйткені ол қайта-қайта қайталанады және толығымен жойылмайды.

**Бронхит белгілері.**

Жедел және созылмалы бронхиттің белгілеріне тыныс алу проблемалары жатады, мысалы:

• Кеудеңіздің қақырықпен толғанын немесе бітелгенін сезген кезде кеудедегі ауырлық сезімі;

• Мөлдір, ақ, сары немесе жасыл шырышты шығаратын жөтел;

• Ентігу;

• Тыныс алғанда қырылдар немесе ысқырықты дыбыс.

Жедел бронхиттің белгілері мыналарды қамтуы мүмкін:

• Денедегі ауырсыну және қалтырау;

• Шаршағыштық;

• Мұрын бітелуі;

• Тамақ ауыруы.

Жедел бронхиттің басқа белгілері жойылғаннан кейін де, жөтел бірнеше аптаға созылуы мүмкін, сіздің бронхтарыңыз сауығып, ісінуі басылғанша жалғасады. Егер бұл әлдеқайда ұзаққа созылса, мәселе басқа нәрсе болуы мүмкін. Созылмалы бронхит кезінде сіздің жөтеліңіз кем дегенде 3 айға созылады және кем дегенде 2 жыл қатарынан көрініс береді.

**Бронхиттің себептері**

Көбінесе жедел бронхит суық тию немесе тұмауды тудыратын вирустардан туындайды. Бірақ кейде бактерияларда тудыруы мүмкін. Сіздің денеңіз микробтармен күресетін екі жағдайда да бронхтар қабынып, көбірек шырыш шығарады. Бұл кезде ауаның өтуі үшін бронхтың өзегі кішірейіп, тыныс алуды қиындатуы мүмкін дегенді білдіреді.

Созылмалы бронхиттің себептеріне мыналар жатады:

• Ластанған ауаны, химиялық буды немесе шаңды ауамен ұзақ уақыт дем алу;

• Ұзақ уақыт бойы темекі шегу немесе пассивті темекі шегу.

**Бронхиттің қауіп факторлары**

Сізде бронхиттің кез-келген түрімен ауыру ықтималдығы жоғары, егер:

• Сіз темекі шегесіз;

• Сізде демікпе және аллергия бар;

• Сізде әлсіз иммундық жүйе. Кейде бұл егде жастағы адамдарда және созылмалы аурулары бар адамдарда, сондай-ақ нәрестелер мен жас балаларда болады. Кез-келген суық тию бронхитке әкелуі мүмкін, өйткені сіздің денеңіз осы микробтармен күресумен айналысып жатыр.

Созылмалы бронхитке шалдығу қаупі жоғары, егер:

• Сіз темекі шегетін әйелсіз. Сізде темекі шегетін ер адамға қарағанда көбірек риск болады, ауруға ұшырауыңыз мүмкін;

• Сізде өкпе ауруларына отбасылық ауру тарихы бар болған жағдайда.

**Дәрігерге қашан қаралуым керек?**

Егер сіздің жөтеліңіз осы белгілермен қатар болса, жалпы тәжірибелік дәрігеріне немесе пульмонологқа барыңыз:

• Қанның немесе шырыштың бөлінуімен бірге жүреді;

• Түнде ұйқының бұзылуы;

• 3 аптадан астам уақытқа созылады;

• Кеудедегі ауырсынуды тудырады;

• Үрген дыбыс шығарады және сөйлеуді қиындатады;

• Түсініксіз салмақ жоғалтумен бірге жүреді.

Егер сіздің жөтеліңіз мына белгілермен бірге болса, дәрігерге қаралуыңыз керек:

• Ауыздағы жағымсыз дәмі бар қақырық;

• 38 градустан асатын дене қызуы;

• Ысқырықты дем алу немесе ентігу.

**Бронхит диагностикасы**

Дәрігер физикалық тексеру арқылы және сіздің белгілеріңіз негізінде сізде бронхит бар-жоғын айта алады. Дәрігер сіздің жөтеліңіз туралы сұрайды, мысалы, сізді қанша уақыттан бері мазалайды және онымен қандай шырыш бөлінеді. Сондай-ақ, дәрігер сырылдар сияқты белгілердің бар-жоғын анықтау үшін өкпеңізді тыңдайды. Дәрігер сізге тексерудің кейбір түрлерін тағайындауы мүмкін. Бұл мыналарды қамтуы мүмкін:

• Қандағы оттегінің деңгейін тексеру. Бұл саусаққа (пульсоксиметр) сәйкес келетін датчиктің көмегімен жасалады.

• Спирометрия-өкпе функциясының сынағы. Тексеру үшін сізге спирометр деп аталатын құрылғыға үрлеу қажет болады, сіздің өкпеңіз қалай жұмыс жасайтындығын анықтайды.

• Кеуде қуысының рентгенографиясы. Бұл пневмонияны немесе жөтелді тудыруы мүмкін басқа ауруды тексеру үшін жасалады.

• Қан анализі. Олар инфекция белгілерін анықтай алады немесе қандағы көмірқышқыл газы мен оттегінің мөлшерін есептей алады.

• Бактериялар тудыратын ауруларды анықтау үшін қақырықты талдау жүргізу. Олардың бірі-көкжөтел. Тыныс алуды қиындататын қатты жөтелді тудырады.

**Бронхиттің емі**

Көптеген жағдайларда жедел бронхит бірнеше апта ішінде өздігінен кетеді.

Егер бронхит бактериялардан туындаса (бұл сирек кездеседі), дәрігер антибиотиктерді тағайындай алады. Егер сізде демікпе немесе аллергия болса немесе ысқырықты дем болса, сізге ингаляция тағайындай алады. Бұл тыныс алу жолдарын ашуға көмектеседі және тыныс алуды жеңілдетеді.

Жедел бронхит белгілерін жеңілдету үшін келесі әрекеттерді орындауға болады:

• Көп су ішіңіз. Күніне 8 ден 12 стаканға дейін, бұл қақырықты сұйылтады және қақырық шығаруды жеңілдетеді;

• Демалуға жеткілікті уақыт бөліңіз;

• Рецептісіз ауырсынуды басатын және ыстық түсіретін препараттарды қабылдаңыз: аспирин, ибупрофен немесе напроксен. Бірақ балаларға аспирин бермеңіз;

• Ауа ылғалдандырғышты немесе буды қолданыңыз. Ыстық душ шырышты жақсы сұйылтады.

• Шырышты сұйылту және қақырық түсіруді жеңілдету үшін дәрігердің нұсқауы бойынша жөтелге қарсы дәрі қабылдаңыз. Балаларға жөтелге қарсы дәрі бермес бұрын педиатрмен кеңесіңіз.

Созылмалы бронхитті емдеу сіздің ауру белгілеріңізге бағытталған және мыналарды қамтиды:

• Тыныс алу жолдарын ашу үшін антибиотиктер, қабынуға қарсы және бронходилататорлар сияқты дәрі-дәрмектер;

• Шырышты жөтелуді жеңілдететін өкпені қақырықтан тазартатын арнайы құрылғы;

• Жақсы тыныс алу үшін оттегі терапиясы;

• Өкпені қалпына келтіру-жеңіл тыныс алуға және көп жаттығуға көмектесетін жаттығу бағдарламасы.

**Бронхиттің алдын алу**

Жедел бронхиттің немесе созылмалы бронхиттің өршу ықтималдығын азайту үшін:

• Темекі түтінінен аулақ болыңыз;

• Тұмауға қарсы екпе алыңыз, себебі сіз тұмау вирусынан бронхитке шалдығуыңыз мүмкін;

• Көкжөтелге қарсы вакцинаның жаңартылғанына көз жеткізіңіз;

• Қолыңызды жиі жуыңыз;

• Бронхтар мен өкпелерді тітіркендіретін факторлардың жанында болған кезде маска киіңіз, мысалы, бояу түтіндері.

**А.АБЫЛАЕВА**
**Интертич клиникасы,**
**терапевт**

# БАЛА БАРЫСТАР БОЗ КІЛЕМДЕ БЕЛДЕСТІ

Қазақ күресі - Қазақстан Республикасының ұлттық күрес түрі. Бұл – қазақтың көнеден келе жатқан спорттық ойындарының бірі, бүгінде кеңінен танымал. Қалалар мен ауылдардағы бірде-бір мереке қазақтың ұлттық күресінсіз өтпейді десе де болады. Бұған дейін қазақша күресте жас пен салмаққа шектеу болмаған. Қазір бұл спорт түрінде күрестің біркелкі формасы мен техникасына қатысты белгілі бір ережелер белгіленді. Қазақша күрес балуандарының формасы самбошылардың формасына ұқсайды.



Жасөспірімдер арасында ұлттық спортымызды насихаттау, балаларды салауатты өмір салтына баулу мақсатында шаһарда биыл үшінші мәрте «Бала барыс-2024» байрақты бәсекесі ұйымдастырылды. «Бала барыс-2024» турнирінің дәстүрлі сипат алуы қазақ күресінің келешегі кемел, болашағы жарқын боларының бір дәлелі.

Облыс аумағынан 32 жасөспірім қатысқан жас палуандар додасы «Евразия» спорт кешенінде өтті. Иығына қасқыр терісін ілген жас балуандар өз қарсыластарын «соқыр» жеребе арқылы анықтады.

Тартысты бәсекенің нәтижесінде қызылордалық «Балмолдин» лақап атын иеленген Исламбек Балмолдаев IV орын 25 мың теңге иемденсе, III орын 50 мың теңге және «Қола белбеу» «Көкбөрі» лақап атын иеленген Жалағаш ауданынан Ерсұлтан Сұлтанбековке бұйырды. «Ошақты» Жалағаш ауданынан Әлинұр Сәрсенбай II орын 100 мың теңге мен «Күміс белбеуді» қанағат тұтса, I орын 200 мың теңге және «Алтын белбеуді» қармақшылық «Семетей» Әлихан Әлиасқаров жеңіп алып, арнайы жасалған алтын «Тайтұяқты» қанжығасына байлады. Осылайша үш дүркін «Бала барыс»атағын иемденді.

**«Ел тілегі» ақпарат**

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
**Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:**
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
**Зибаш ӘЛИ**
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджіменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

**Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж**

**Редакцияның мекен-жайы:**
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

*Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді*

**Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91**

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9820 дана**
**Индекс 66503**
**Тапсырыс №227**

***E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru***
***Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/***